

Өскемен ауылдық округі бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 2023 жылғы 9 маусымдағы № 41 шешімі

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Ұлан ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Өскемен ауылдық округі бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

Г. Калиева

шешімге қосымша

Өскемен ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар

Өскемен ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды ұйымдастыру үшін:

- жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар бөлінісінде Өскемен ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (1-қосымша);

- жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

- жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аудандары көрсетілген карта (3-қосымша);

- жайылым пайдаланушыларының су көздеріне қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

- жайылымы жоқ жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін учаскелерге ауыстыру схемасы (5-қосымша);

- жеке және заңды тұлғалардың шалғайдағы жайылымдарына ауыл шаруашылығы мал басын орналастыру схемасы (6-қосымша);

- ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және қозғалудың маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте (7-қосымша) жасалды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарлары басыныңсаны туралы деректерді, олардың иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсетумен, малдардың түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының басын қалыптастыру туралы мәліметтерді, мәдени және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктерін, мал айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректерді ескере отырып қабылданды.

Өскемен ауылдық округі Ұлан ауданының солтүстік бөлігінде Ертіс өзенінің сол жағалауын бойлай таулы-дала, құрғақ дала аймағында орналасқан. Таулы-дала аймағы таулы шалғынды-дала, тау алды далалық орташа ылғалды және далалық орташа құрғақ кіші аймақтарға бөлінеді. Климаты орташа-құрғақ, орташа ыстық, жылдық орташа жауын-шашыны 360-390 мм. Ауа температурасы ең төменгі - 45, ең жоғарғы +40. Жылдық орташа температурасы +10. Салыстырмалы ылғалдылығы 68 %. Оңтүстік-шығыс және солтүстік-батыс бағыттағы желдер басым, орташа жылдық жылдамдығы 2,7 м/сек.

Топырағы қара-қоңыр, оңтүстік таулы қара топырақ, кәдімгі қара топырақ, оңтүстік қара топырақ, сілтісізделген және кәдімгі таулы қара топырақ.

Өсімдік жамылғысы: бетегелі-селеулі-жусанды, бетегелі-селеулі-түрлі шөпті, түрлі шөпті-астық тұқымдастар, жұмсақ сабақты және бұталы-шыңды-астық тұқымдастар.

№	Ауылдық округі	Жайылым алаңы, (га)	Сауын сиырлардың бар болуы (бас.)	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас., (га)	Жайылымдардың қажеттілігі, (га)	Жетіспеушілігі, (га)
1	Өскемен	1547	733	4,5	3298	1751,5

Өскемен ауылдық округінің жергілікті тұрғындарының малын жаю үшін 1547 гектар берілді.

Жергілікті тұрғындардың басқа ауыл шаруашылық малдарын жаю бойынша 8131,5 гектар көлемінде жайылымдық алқап қажеттілігі бар, ІҚМ басына түсетін жүктеме нормасы – 4,5 га/бас, ұсақ мал – 0,9 га/бас, жылқы – 5,4 га/бас (№3 кесте).

№ 3 кесте

№	Ауылдық округі	халық			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас., (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Мал жаю үшін берілді	Жетіспеушілігі, (га)
		ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	Барлығы (га)		
1	Өскемен	726	928	129	4,5	0,9	5,4	3267	835	697	4171	1547	2624

2624 гектар мөлшеріндегі жайылымдық алқаптардың қалыптасқан қажеттілігін 05-079-049 есептік кварталының шалғайдағы жайылымдарында халықтың ауыл шаруашылығы малдарын жаю есебінен толықтыру қажет.

Өскемен ауылдық округінің ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 993 бас, ұсақ қара мал 45 бас, жылқы 44 басты құрайды (№4 кесте).

№ 4 кесте

№	Ауылдық округ	Малдың колда бары түрлері бойынша, (бас)			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)			
		ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	Барлығы (га)
1	Өскемен	993	45	44	4,5	0,9	5,4	4468	40	238	4746

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтары жайылымдарының алаңы 13965 гектар құрайды. ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының артық жайылымдық алқаптары 9219 гектар құрайды.

Өскемен ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 1-қосымша

Өскемен ауылдық округі аумағында құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Шартты белгілер:



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатындағы жайылымдар



Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар

Өскемен ауылдық округі жайылымдарының орналасу схемасына (картасына) қоса берілетін жер учаскелері меншік иелерінің тізімі

№	Меншік иесінің атауы	Жайылым алаңы (га)	Түрлері бойынша малдардың саны (бас)		
			ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар
1	Мағи Ақылбекқызы Керейбаева	12	0	0	0
2	"ТАНДЕМ-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20	0	0	0

Өскемен ауылдық округі жайылымдарының орналасу схемасына (картасына) қоса берілетін жер учаскелерінің жер пайдаланушыларының тізімі

№	Жер пайдаланушының атауы	Жайылым алаңы (га)	Түрлері бойынша малдардың саны (бас)		
			ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар
1	Мұрат Айтқалиұлы Байсалбаев	28,4	0	0	0

2	Арте м Геннадьевич Бережной	29,1	0	0	0
3	"Купин и компания" сенім серіктестігі	19,6	0	0	0
4	"Иртыш" сенім серіктестігі	1654,8	144	0	4
5	"КОРПОРАЦИЯ У Л А Н" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	0,7	0	0	0
6	"Ново-Донское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	118,8	0	0	0
7	"Ярославское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	96,7	0	0	0

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІҚМ-ірі қара мал;

ҰҚМ- ұсақ қара мал.

Өскемен ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 2-қосымша

Жайылым айналымының қолайлы схемалары

Жылдар	Учаскелер		
	1	2	3
1	бағу	бағу	демалыс
2	бағу	демалыс	бағу

Өскемен ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 3-қосымша

Жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аудандары көрсетілген карта



Шартты белгілер:



Ішкі және сыртқы шекаралардағы маусымдық жайылым учаскелері



Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар



суару

Өскемен ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 4-қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:



-жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қолжетімділігі

Өскемен ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 5-қосымша

Жайылымы жоқ жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін учаскелерге ауыстыру схемасы




Шартты белгілер:



Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шалғайдағы жайылымдарына ауыл шаруашылығы мал басын орналастыру схемасы

Өскемен ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 6-қосымша

Жеке және заңды тұлғалардың шалғайдағы жайылымдарына ауыл шаруашылығы мал басын орналастыру схемасы



Өскемен ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 7-қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және қозғалудың маусымдық бағыттарын
белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте**

Ауылдық округ	Малды жайылымға шығару мерзімі	Малдарды шалғайдағы жайылымдардан қайтару мерзімі
Өскемен	сәуір - мамыр	қыркүйек-қазан